

АРҚАНЫҢ САМАЛЫНДАЙ

Ұлттық үрдісімізді, ұлттық салтымызды сақтауда ауданымыздың аты облыс аумағында көш ілгері кеткендігі жұртшылыққа мәлім. Аударыспақ, теңге ілу, көкпар тарту, қыз қуу сынды ат спорты түрлерінен облыс құрама командасы сапында республикалық жарыстарда оғландарымыз жеңіс тұғырынан көрініп ауданымыздың атын әйгілеп жүргені ақиқат. Әсіресе, ұмыт болуға айналған құсбегілік дәстүр тек біздің өңірде ғана жанданғаны белгілі. Қазақтың осынау киелі өнерін тамашалауға шетелдіктерді де қызықтырып, еріксіз келтірген. Қазақ жеріндегі алғашқы салбурын да осы Шет топтырағында өткені күні кешегідей. Жақсыны білмекке дегендей өз ауылында дүркірей өтіп жатқан, ғасырлар үрдісінен қаймағы бұзылмаған қалпында кеткен киелі өнерді үйреніп, мен де сондай болсам деген талпыныс әрбір балаң жүректе оянғаны анық еді. Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясында құсбегілік пән ретінде енгізілді. Мақпал құсбегілікті әкесінен дарытты. Әкесі Мұрат Әбдіразақов белгілі құсбегі болды. Бірталай шәкірттерді осы өнерге баулыды. Құсбегілік айтарға ғана оңай өнер. Әйтпесе

талмай ізденуді, құстың бағымын келістіріп, бабына келтіру қажет. Бүркіт сезімтал құс. Ол әрбір әрекетіңді жадында мықтап ұстайды, сенің қандай көңіл күйде болғаныңды дауыс реңкіне қарап айырады.

Бүркітшілер сайысына қатысып тәжірибе жинақтаған Әбдіразақова Мақпал бүгінде спорт шебері деген құрметті атаққа ие. Өзін нағыз бүркітші ретінде мойындатқан еліміздегі алғашқы бүркітші қыз. Байрақты бәсекелерде жүлде алып жүрген тәжірибелі саяткер, облыс чемпионы деген құрметті атаққа ие Мақпал қаңтар айында Азиада алауын алып өту құрметіне ие болды. Бұл мен үшін үлкен қуаныш болды. Астанада Азиада аясында этнокөрме ұйымдастырылып, сол көрмеге өз үлесімізді қоса шетелдерден келген қонақтарға ұлттық дәстүрімізді көрсетіп таныстырдық. Мен сол көрмеге қатысып, көшпенділер өмірінен сыр шертетін қазақтың ұлттық салт-дәстүрін көрсетуге қатысқанымды мақтан тұтамын, - деді Мақпал. Мәдени Азиададағы "Қазақ ауылы" атты салт-дәстүр фестивалі халық ең көп тамашалайтын іс-шара болғанын қуанышты кейіпте жеткізе.

Мақпал ақпан айында Алма-



ты облысындағы Ұзынағашта өткен құсбегілердің "Сонар-2011" жарысына қатысып жүлделі орынға ие болды. Осы сапарында "Қазақстан" ұлттық телеарнасының арнайы шақыртуымен "Сен сұлу" бағдарламасының басты кейіпкері болып қайтты. 22 наурыз ұлыстың ұлы күні кешкі сағат 22-де телеарнадан кере аласыздар. Ал 23-інде күндізгі 13 сағатта сол бағдарлама қайта көрсетілімек. Мақпалды телеарнадан керуге асығайық.

А.ЫСҚАҚ.
Ақсу-Аюлы ауылы.